

$$x^4 + 2x^3 + x^2 - 1 = 0$$

Теңдеуді төмендегі түрге көшіреміз.

$$x^4 + 2x^3 + x^2 = 1$$

$$(x^2 + x + \alpha)^2 = x^4 + 2x^3 + x^2 + 2x^2\alpha + 2x\alpha + \alpha^2$$

$$(x^2 + x + \alpha)^2 - 2x^2\alpha - 2x\alpha - \alpha^2 - 1 = 0$$

$$(x^2 + x + \alpha)^2 - [2x^2\alpha + 2x\alpha + (\alpha^2 + 1)] = 0$$

Бұл теңдікті шешу үшін  $q^2 - 4 \cdot 2\alpha \left( \alpha^2 + p\alpha - r + \frac{p^2}{4} \right) = 0$  теңдіктің түрі:

$$4\alpha^2 - 4 \cdot 2\alpha(\alpha^2 - 1) = 0 \text{ немесе}$$

$$-8\alpha^3 + 4\alpha^2 - 8\alpha = 0$$

$$-4\alpha(2\alpha^2 - \alpha + 2) = 0$$

$$\alpha_0 = 0$$

Бізге  $\alpha_0 = 0$  түбірін тапсақ жеткілікті. Сонда

$(x^2 + x)^2 = 1$  аламыз. Ал бұл теңдеу келесі екі квадрат теңдеулерге мәнделес:

$x^2 + x - 1 = 0$  және  $x^2 + x + 1 = 0$  Олардың түбірлері:

$$x_{1,2} = \frac{-1 \pm \sqrt{5}}{2}$$

$$x_{3,4} = \frac{-1 \pm i\sqrt{3}}{2}$$

**Жауабы:**  $x_{1,2} = \frac{-1 \pm \sqrt{5}}{2}$

$$x_{3,4} = \frac{-1 \pm i\sqrt{3}}{2}$$

## МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДА АУТЕНТТІК МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

*Бекжанова Қ.О.,  
4 курс студенті,  
«Шет тілі: екі шет тілі» АрқМПИ, Арқалық  
Ғылыми жетекші  
Асанова А.К., аға оқытушы*

Қазіргі заманда адам өмірінде оқу үлкен орын алады. Себебі оқу бүгінгі күндегі ақпараттың негізгі және жетекші көзі болып табылатын кітап пен басқа да баспа өнімдерге жол ашады. Оқытудың негізгі мақсаты оқушының оқып жатқан тілін мәдениаралық қарым-қатынаста құрал-жабдық ретінде пайдалану. Мәтін аутенттік сипатта болу керек. Аутенттік мәтінді пайдаланушы негізгі шынайы мәтіннің мазмұнын, негізгі шартын, бір жағдаятында ғана емес пайдаланушыға бірнеше түрде ұсынуы мүмкін. Бүгінгі таңда аутенттік мәтін мен кітап мәтіндерінде қарама-қайшылықтар кездеседі. Мысалыға, ол қысқартылып алынуы мүмкін, бірақ ол аутенттік мәтінге еш зардап шектірмейді керісінше мектеп баспаларының мәтіндеріне зардап шектіруде.

Соңғы жылдары ғалымдар мен әдіскерлер шетел тілін оқулықтарына аутентикалық мәтіндерді кеңінен енгізуді жақтайды. Себебі аутенттік мәтінмен жұмыс жасау оны түсіну оңай. Аутентикалық мәтін дегеніміз - адаптирленген, бейімделген емес, яғни жасанды мәтін. Бұл тілін оқып, үйреніп жатқан елдің шынайы өмірін сипаттайтын, қазіргі болмысын көрсететін мәтін. Аутенттік мәтіндерді оқушы оқи отыра, өз елін, тілін үйреніп жатқан елмен салыстырып, сын елегінен өткізіп, ой өрісін дамытып, терең жан-жақты білім алып, рухани,

саяси – идеялық тұрғыдан тәрбиелеуіне мүмдік алады. Аутенттік мәтіндермен жұмыс барысында оқушылар мәтіннің жекеленген бөліктерін бір-бірімен ұштастыруды, фактілер мен оқиғаларды логикалық, хронологиялық тәртіппен ұйымдастыруды, фактілерді топтастыруды, оқиғалар арасындағы байланысты анықтауды үйренеді. Оқушы сонымен бірге мәтіннен алынған ақпаратты өңдей отырып, қорытынды шығарып, мәтіннің идеясын, түпкі ойын анықтап, оларды бағалай білуді оларды өздерінің білімдерін тәжірибелерімен ұштастырып үйренеді[1].

Аутенттік мәтіндер мен жұмыс төмендегідей кезеңдерден тұрады:

1. мәтінді оқуға дейінгі кезең
2. тікелей мәтінді оқу кезең
3. мәтінді оқып болғаннан кейінгі кезең

Мәтінге оқуға дейінгі бірінші кезеңде біз оқушылардың мәтінді оқуға деген құштарлықтары мен қызығушылықтарын оятуға тырысамыз. Ең алдымен біз оқушылардың назарын мәтін тақырыбына аударып, қажетті жағдайда, суреттер, модельдер және т.б. көрсетіп, оқушылардың болжау іскерліктерін дамытамыз. Аутенттік мәтіндерде, әрине, қысқартылған сөздер, біздің болмысымызға тән емес эквиваленті жоқ сөздер, сөз тіркестері, қиын сөздер болуы мүмкін, сондықтанда бұл қиындықтардың алдын алу үшін, бұл сөздерді түсіндіріп кетеміз. Ең бастысы бірінші кезеңде мәтін мазмұнына байланысты еш хабар айтылмағаны жөн, әйтпесе оқушылар мәтінді оқуға тырыспайды.

Екінші кезең мәтінді тікелей оқу кезеңі. Оқушылар мәтінді оқиды, мазмұнын түсінеді, мәтін мазмұнындағы ақпаратты толық түсіну қажет болса, яғни зерттей оқу түрінде, онда мұғалім оқушыларды қатыстыра отыра кейбір сөйлемдерді талдатып, ана тілдеріне аудартып, мәтін мазмұнын 100%-ға түсінгенін анықтайды. Ал таныса оқуда оқушылар мәтіндегі барлық негізгі, басты фактілерді міндетті түрде түсіну қажет, яғни басты ақпаратты дәл түсініп білу керек. Оқудың қарап шығу түрі оқушылардан өте жоғары дәрежеде дамыған оқу іскерлігін талап етеді.

Мәтінді оқып болғаннан кейінгі үшінші кезеңде оқушылар мәтін мазмұнына байланысты тапсырмаларды орындайды. Мысалы:

- мәтін мазмұнына байланысты берілген сөйлемдердің дұрыстығын/ не дұрыс еместігін/ анықтайды;
- берілген сөйлемдерді аяқтау/ не толықтыру/;
- мәтінді оқып, оның негізгі мазмұнына қойылған сұрақтарға жауап беру;
- берілген сұраққа жауап беру;
- берілген сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкес нөмірлеу;
- қай сөйлем мәтін мазмұнына сәйкес келетін немесе келмейтіндігін анықтау;
- мәтінге жоспар құру;
- берілген мақал-мәтелдердің қайсысы мәтінге тура келетінін анықтау;
- берілген сөйлемдерге сұрақ қою;
- мәтін мазмұны бойынша пікір айту немесе жазу;
- мәтінге байланысты эссе жазу;
- мәтін мазмұнындағы көтерілген мәселеге байланысты пікір талас ұйымдастыру;
- мәтін мазмұнына байланыты сурет салу;
- мәтінге байланысты қосымша мәліметтер жинақтау және т.б[2].

Аутенттік мәтін өмірмен оқып жатқан едің мәдениетімен байланыста болу керек. Мынадай мәтіндермен:

- прагматикалық (сауда-сатық, теле-радио хабарламалар т.б.)
- эпистолярлық (жеке және жұмыс хаттары, ашық хаттар т.б.)
- көркем әдебиет стилі (өлеңдер, эссе, әңгімелер т.б.)
- газет және журналы мақалалар (сұхбаттар, репортаждар және арнай бағдарламалар)

Барлық мәтіндердің түрі тақырыпқа сәйкес болуы керек. Мысалы: тақырып: «Саяхат»,

«Қала», «Транспорт» болуы керек.

Мәтіннің типі «Карта» болса – географиялық, қала, транспорт жайлы болу керек.

Жұмыс

барысы мынадай болуы мүмкін (коммуникативтік бағыт) картадан табу (маршрутты көрсету

жететін жерге дейінгі) тындау (өзен, көл, қала) атауларын.

Аутенттік мәнінді оқытудың маңызы оқудың әртүрлі жағынан тану болып кееді. Олар:

- мәтінің түрін, мақсатын түсіну;
- мәтінді толық немесе таңдаулы жерлерін ұғыну;
- ақпаратты әр түрлі дәрежеде қабылдау;
- компенсациондық білуге мүмкіндік беру.

Соңғы түрі келесімен байланысады: мәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын өз ана тілінде

түсіну; мәтіндегі (кілт сөздерін, суреттер, сандар т.б.) есте сақтау. Нәтижесінде оқушы аутенттік мәтінде кездескен сөздердің (сөздікпен емес ) мағынасын білу керек. Ол үшін мына

екі ережені есте ұстау керек.

- мәтінді оқыған кезде әрбір сөзді аударудың қажеті жоқ;
- мәтінді түсіну үшін өмірден алған тәжірибе жеткілікт. Мәтінде не жайында айтылғанын білу үшін мәтіннің тақырыбы, сурет, санды, схема, таблицаны есте сақтау жеткілікті[3].

Мәтінді оқу барысында негізгі кезекте білетін сөздердің дұрыс оқылыуымен жазылуын білу.

Ұснлатыны мәтінді оқу барысында әрбір этапта сөйлеу дағдысын қалыптастыру міндет

етіледі. Осы көмек арқылы олар оқып жатқан елдің мазмұнын айта алады және де шет елдерде де емін – еркін сөйлеуге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Елухина Н.В. Роль дискурса в межкультурной коммуникации и методика формирования дискурсивной компетенции, Иностранные языки в школе, 2002.
2. Носонович Е.В., Мильруд Г.П. Критерии содержательной аутентичности учебного текста // Иностранные языки в школе. -1999, № 2.
3. Салановия Н.А. Обучение чтению аутентичных текстов лингвострановедческого одержания // Иностранные языки в школе, 1999

### **ЗЕЙІННІҢ КЕМІСТІКТЕРІН ЖОЮ – БІЛІМГЕ АПАРАР ЖОЛДЫҢ БІРІ**

*Бижанова Ғ.Қ., Ажибаева З.Ж.*

*Арқалық қ, БІ.Алтынсарин ат.*

*мемлекеттік педагогикалық институт*

Әлеуметтік, экономикалық дамуды жылдамдатуға болашақ мамандарды дайындайтын жоғарғы оқу орнының жауапкершілігі артып отыр. Біздің қоғамның болашағы болашақ педагогтарды, психологтарды, өндіріс және ғылым басшыларын, тағы басқа мамандарды тек сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған міндеттерге деген қызығушылықтарына байланысты. Соның негізінде, позициясы белсенді, өз күшіне сенімді, іс-әрекетке орынды қарайтын тұлға қалыптастырады. Әрине, қарым-қатынаста зейін қасиеттерінің деңгейі қалыпты болмаған жағдайда, осындай сапалардың көрініс беруі қиындайды.